

Демалыс күнін ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 13 сәуірдегі № 345 қаулысы

Еңбекшілердің демалысы үшін қолайлы жағдайлар жасау және 2013 жылғы мамырдағы жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Демалыс күні 2013 жылғы сенбі – 4 мамырдан жұма – 10 мамырға ауыстырылсын.
2. Қажетті өнім шығару, қаржылықты қоса алғанда, қызметтер көрсету, сондай-ақ құрылыс объектілерін іске қосу үшін еңбек, материалдық және қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілген ұйымдарға кәсіподақ ұйымдарымен келісім бойынша 2013 жылғы 10 мамырда жұмыс жүргізуге құқық берілсін. Көрсетілген күнгі жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өтеледі.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*